

## Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелерін көтеру туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 19/220-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 сәуірде № 5626 болып тіркелді

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 15.12.2023 № 9/76-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 576-бабының 8-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 16.09.2022 № 19/162-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері 1-қосымшаға сәйкес көтерілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 15.12.2023 № 9/76-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. 2 қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,*

*Шығыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының хатшысы*

*В. Головатюк*

Шығыс Қазақстан  
облыстық мәслихатының  
2018 жылғы 12 сәуірдегі  
№ 19/220-VI шешіміне 1 қосымша

**Шығыс-Қазақстан облысының қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 16.09.2022 № 19/162-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Тұрақты көздерден ластаушы заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	1 килограмм үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3	4
1.	Күкірт оксидтері (SOx)	20	
2.	Азот оксидтері (NOx)	20	
3.	Шаң және күл	10	
4.	Қорғасын және оның қосылыстары	3986	
5.	Күкіртсутек	124	
6.	Фенолдар	332	
7.	Көмірсутектер	0,32	
8.	Формальдегид	332	
9.	Көміртегі монооксиді	0,32	
10.	Метан	0,02	
11.	Күйе	24	
12.	Темір тотықтары	30	
13.	Аммиак	24	
14.	Алты валентті хром	798	
15.	Мыс тотықтары	598	
16.	Бенз(а)пирен		996,6

2. Жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін мөлшерлеме (АЕК)
1	2	3
1.	Этиленденбеген бензин үшін	0,66
2.	Дизель отыны үшін	0,9
3.	Сұйытылған, сығылған газ, керосин үшін	0,48

3. Ластаушы заттардың төгінділері үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3
1.	Нитриттар	1340
2.	Мырыш	2680

3.	Мыс	26804
4.	Оттегіне биологиялық қажеттілік	8
5.	Тұзды аммоний	68
6.	Мұнай өнімдері	536
7.	Нитраттар	2
8.	Жалпы темір	268
9.	Сульфаттар (анион)	0,8
10.	Өлшенген заттар	2
11.	Синтетикалық беткі-белсенді заттар	54
12.	Хлоридтер (анион)	0,2
13.	Алюминий	54

4. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын көмгені үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	
		1 тонна үшін	1 гигабеккерель үшін (Гбк)
1	2	3	4
1.	Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы бөлінген орындарда көмгені үшін:		
1.1.	Осы кестенің 1.2-жолында көрсетілген қалдықтарды қоспағанда, төлемақыны есептеу мақсаттары үшін қауіптілік қасиеттері ескерілетін қалдықтар		
1.1.1.	қауіпті қалдықтар	8,01	
1.1.2.	қауіпсіз қалдықтар	1,06	
1.2.	Төлемақыны есептеу мақсаттары үшін қауіптілік қасиеттері ескерілмейтін қалдықтардың жекелеген түрлері:		
1.2.1.	Коммуналдық қалдықтар (қатты тұрмыстық қалдықтар, кәріздік тазарту құрылыстарының тұнбасы)	0,19	

1.2.2.	Тау-кен өндіру өнеркәсібінің және карьерлерді игеру қалдықтары (мұнай мен табиғи газды өндіруден басқа):		
1.2.2.1.	аршынды жыныстар	0,004	
1.2.2.2.	жанасқан таужыныстары	0,026	
1.2.2.3.	байыту қалдықтары	0,02	
1.2.2.4.	шлактар, шламдар	0,038	
1.2.3.	Құрамында пайдалы қазбалар бар кенді, концентраттарды, агломераттарды және шекемтастарды қайта өңдеу, қорытпалар мен металдар өндірісі кезінде металлургиялық қайта жасауда түзілетін шлактар, шламдар	0,038	
1.2.4.	Күл мен күлшлактар	0,66	
1.2.5.	Ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары, оның ішінде көң, құс саңғырығы	0,002	
1.2.6.	Радиоактивті қалдықтар:		
1.2.6.1.	трансуранды		0,76
1.2.6.2.	альфа-радиоактивті		0,38
1.2.6.3.	бета-радиоактивті		0,04
1.2.6.4.	шынақты радиоактивті көздер		0,38

5. Көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде түзілетін күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру үшін төлемақы мөлшерлемелері бір тонна үшін 7,54 АЕК құрайды.

Шығыс Қазақстан  
облыстық мәслихатының  
2018 жылғы 12 сәуірдегі  
№ 19/220-VI шешіміне  
2 қосымша

## **Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі**

1. "Шығыс Қазақстан облысының қоршаған ортаға эмиссияға төлемақы мөлшерлемелері туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21

желтоқсандағы № 17/234-IV шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2524 болып тіркелген, 2010 жылғы 1 ақпандағы "Дидар", 2010 жылғы 2 ақпандағы "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

2. "Шығыс Қазақстан облысының қоршаған ортаға эмиссияға төлемақы ставкалары туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/234-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 17/203-V шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3134 болып тіркелген, 2013 жылғы 30 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 7 қаңтарда "Рудный Алтай", 2014 жылғы 10 қаңтарда "Дидар" газеттерінде жарияланған).

3. "Шығыс Қазақстан облысының қоршаған ортаға эмиссияға төлемақы ставкалары туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/234-IV шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 27/324-V шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3932 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 мамырда "Рудный Алтай", 2015 жылғы 27 мамырда "Дидар" газеттерінде, 2015 жылғы 01 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Шығыс Қазақстан облысының қоршаған ортаға эмиссияға төлемақы мөлшерлемелері туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/234-IV шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 16/187-VI шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5361 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 8 қаңтарда жарияланған).